Тимирязев ауданының Тимирязев ауылында атауы жоқ көшеге атау беру туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданы Тимирязев ауылдық округі әкімінің 2022 жылғы 16 мамырдағы № 15 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 20 мамырда № 28145 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабының 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабының 2-тармағына сәйкес, Тимирязев ауылы тұрғындарының пікірін ескере отырып және Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігі жанындағы облыстық ономастика комиссиясының 2020 жылғы 29 желтоқсандағы қорытындысы негізінде, ШЕШТІМ:

1. Қоса беріліп отырған схемалық картаға сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданының Тимирязев ауылындағы атауы жоқ көшеге атау берілсін:

атауы жоқ көше – Әлия Молдағұлова көшесі.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ауылдық округінің әкімі *Р. Мустафина*

2022 жылғы 16 мамырдағы № 15
шешіміне қосымша

Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданының Тимирязев ауылында атауы жоқ көшеге атау беру туралы схемалық карта

		Плетнев көшесі	атауы жоқ көше – Әлия Молдағұлова көшесі													Уәлиханов көшесі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК